

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС отырысының 2023 жылғы 02 қазанындағы ҚАУЛЫСЫ

1. Бас ғалым хатшы Ж.М.Битибаеваның Университет Ғылыми кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- Университет Ғылыми кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «2023-2024 оқу жылына дайындық туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

2.1. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «2023/2024 оқу жылына дайындық» ақпараты назарға алынсын.
2.2. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Жанбеков Х.Н. институт директорларымен және кафедра меңгерушілерімен бірлесіп:
- академиялық артықшылық орталығы бойынша жобасын әзірлеп ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігіне жіберілсін (*мерзімі – 31.10.2023ж.*);
- инклюзивті білім беруді және STEM-паркгі жабдықтау бойынша Дүниежүзілік банкпен жұмысты жүйелі негізде жүргізісін (*мерзімі – 30.11.2023ж.*);
- ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы базасында Педагогтің білімін бағалауға қатысты дайындық бойынша екі пәннен қорытынды бақылау жүргізілсін (*мерзімі – 01.12.2023ж.*);
- ағылшын тілінде оқытатын топтарды және көптілді топтары қалыптастырылсын (*мерзімі – 01.02.2024ж.*).
2.3. Білім беру бағдарламаларын жобалау департаментінің директоры А.М. Байдильдинаға, институттар директорларына және кафедра меңгерушілеріне:
- рентабельді емес білім беру бағдарламаларын оңтайландыру мақсатында диверсифицияландырылсын (*мерзімі – 01.02.2024ж.*);
- бейіндік пәндер бойынша ПОҚ академиялық әлеуеті арттырылсын (*мерзімі – 30.11.2023ж.*).

3. Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департамент директоры Д.Ж.Ділдәбектің 2023-2024 оқу жылында студенттерді жатақхана орындарымен қамту жұмыстары туралы баяндамасын тыңдап, талқылап, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

3.1 Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департамент директоры Д.Ділдәбектің 2023/2024 оқу жылында білім алушыларды жатақханаға орналастыру бойынша есебі қабылдансын;
3.2 Жатақханаға өтінім беру үшін университетте арнайы цифрлық платформасын енгізісін немесе «Univer» жүйесінің жұмысын оңтайландырылсын (талапкерлер үшін) (*мерзімі – 01.08.2024ж.дейін*);
3.3 2024/2025 оқу жылына алдын алу шаралары қарастырылып, студенттерді жатақханамен қамтамасыз етудің альтернативті жолдары ұсынылсын (*мерзімі – 01.08.2024ж.дейін*);
3.5 Жатақхана салу және №8 оқу ғимаратын қайта жабдықтап, жатақханаға айналдыру мәселесі қарастырылсын (*мерзімі – 01.08.2024ж.дейін*).

4. Білім беру бағдарламаларын жобалау департаментінің директоры А.М.Байдильдинаның «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» Дүниежүзілік банк жобасын пилоттауды әдістемелік қамтамасыз ету баяндамасын тыңдап, талқылап, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- 4.1 2023/2024 оқу жылына білім алушыларды қабылдауды жүзеге асыру үшін "Педагогикалық әлеуетті күшейту" Дүниежүзілік банк жобасында әзірленген жаңа білім беру бағдарламаларын пилоттау туралы ақпарат назарға алынсын.
- 4.2 Білім беру бағдарламасын жобалау департаменті жобада әзірленген пилотталатын 12 білім беру бағдарламаларын әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етсін. *(мерзімі – 15.10.2023ж. дейін)*
- 4.3 Кафедра меңгерушілері және ПОҚ жаңа 12(IP) Білім беру бағдарламалар (ББ) пәндері бойынша жұмыс бағдарламаларын (силлабустарды) әзірлеуді үйлестірсін *(мерзімі – үнемі)*.
- 4.4 Институт директорлары UNIVER жүйесінде жаңа 12 (IP) Білім беру бағдарламалар (ББ) пәндері бойынша пәннің оқу-әдістемелік кешенін (ПОӘК) уақытылы толтыруды және мазмұнның сапасын қамтамасыз етсін *(мерзімі – 15.10.2023 дейін)*
- 4.5 Академиялық мәселелер департаменті (АМД) және институттардың директорлары жаңа 12(IP) Білім беру бағдарламалар (ББ) пәндері бойынша оқытуды ұйымдастыру жұмыстарын бақылау күшейтілсін *(мерзімі – үнемі)*.

5. Әртүрлі.

6. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық істер жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Б.А.Тілеп

Ж. Битибаева